

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## Көңілді доп

ЖАРИЯЛАНДЫ  
30.11.2020СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/86081/

Байтимова Алия Амангелдиевна

## Көңілді доп

Білім беру саласы: «Шығармашылық

Ашық оқу қызметі тақырыбы: «Доп»

Бөлімі: «Апликация»

Мақсаты :. а) Ақпараттық – құзыреттілік . Балаларға тобымыздағы ойнауға арналған доптар туралы түсінік беру.Әр түрлі пішінді доптарды,желімдеу арқылы қағаз бетіне жапсыруды үйрету.

б) Коммуникативтік құзыреттілік . Ұсақ қол қимыл — қозғалыстарын, тілдік қорларын, ойлау дағдыларын дамыту.

в) Проблеманы шешу құзыреттілігі . Достастыққа, бірлесіп жұмыс істей білуге тәрбиелеу.

Әдіс – тәсіл :сұрақ –жауап, көрсету, түсіндіру, тәжірбие жасау.

Алдын ала жүргізілетін жұмыстар: Ғажайып сәт, доп туралы тақпақтар, ойындар.

Көрнекі құралдар: Доп суреттері Слайд суреттері.

Қостілдік компоненттер : Доп – мяч-ball

Іс әрекеттер кезеңдері

Себепті қызығушылығын ояту кезеңі.

Тәрбиеші: Балалар қәне шаттық шеңберін құрып бірге жылы тілектерімізді айтайық..

Шаттық шеңбер

Қуан шаттан алақай.

Қуанатын күн бүгін.

Қайырлы таң достар.

Қайырлы таң қонақтар.

Балалар біздің топқа қонақтар келіп отыр. Осы қонақтарымызбен амандасып алайық

Қонақтармен амандасу.

Жарқын жарқын үніміз.

Болашақтың күніміз.

Балалалық шақ үйінің.

Жайнап тұрған гүліміз.

Сәлематсыздарма!

Здраствуйте!

Good morning!

Ұйымдастыру ізденіс кезеңі.

Тәрбиеші: Балалар қазір қандай мезгіл?

Қандай ай?

Балалар: Қараша

Күз мезгілінде ауа- райында қандай өзгерістер болады?

Балалар: Күн суық, салқын, жаңбыр жауады.

Құстар қай жаққа ұшып кетеді?

Балалар : Жылы жаққа ұшып кетеді.

Балалар жарайсыңдар.

Бүгінгі күндеріңе сәттілік тілеймін.

Мен сендерге тақпақ оқып берейін,

Ал сендер мұқият тыңдандар?

Добым менің, добым менің,

Өзің неткен көңілді едің.

Зымырайсын,құтындайсың,

Бірақ менен құтылмайсың.

Балалар бұл тақпақ қандай ойыншық туралы айтылған екен?

Дұрыс таптыңдар.

Балалар біз топта қандай ойыншық түрлері бар ?

Балалар: Қуыршақ , машина, құрастырғыштар, ыдыс аяқтар, доп.

Балалар бүгінгі білім беру саласы «Шығармашылық»

бөлімі: «Апликация» ашық оқу қызметінің тақырыбы: « Доп » деп аталады.

Доп – мяч-ball

Слайдтан доптардың суреттерінің түрлері көрсетіледі.

Қарандаршы доптың пішіні қандай?

Доптың түсі қандай?

Ол неге ұқсайды?

Доп сендерге не үшін қажет?

Балалар: Ойнау үшін..

Дұрыс айтасыңдар.

Балалар доптардың түрлері өте көп. Атап айтатын болсақ футбол,, баскетбол волебол доптары болады. Футбол добымен футбол ойынын ойнайды. Волебол добымен волебол ойынын ойнайды. Баскетбол добымен баскетбол ойынын ойнайды. Балалар доптар резеңкеден және пластмассадан, жұмсақ теріден жасалады. Допты насоспен үреді. Доп жеңіл болады. Тенпкен кезде ол биікке ұшады. Себебі доптың ішінде ауа болады. Ал балалар осыны мен сендерге тәжерибе арқылы көрсетемін.

Тәжірибе

Үлкендеу табақшаға су құйып, оған доптарды салу арқылы доптардың жеңіл екенін балаларға көрсетіп, түсіндіру.

Тәрбиеші: Балалар допты жеңілме аурма, және суға батама екенін біліп көру үшін қазір біз сендермен тәжірибе жасаймыз: допты суға салайық. Қане, қараңдаршы доп суға бата ма, жоқ па? Батпайды екен. Қалай ойлайсыңдар неге, батпайды?

Балалар қараңдаршы доп су бетінде жеңілме әлде ауырма?

Балалар: Жеңіл

Дұрыс –ақ

Доп су бетінде жеңіл болады.

Ішіне ауа толтырылған. Сондықтан ол ұрсаң секіреді, тепсең қашады.

Таңғажайып сәт.

Есік қағылып, Сәуле атты қуыршақ келеді.

Мен достарыммен бірге ойнайын десем добым жоқ.

Маған доп жасап беруге көмектесесіңдер ме?

Тәрбиеші: Қуыршақ олай болса сен біздің бүгінгі ашық оқу қызметімізге қатыса ғой.

Біздің топтың балалары саған әдемі доп жасап береді.

Тәрбиеші: балалар Сәуле қуыршаққа доп ты жапсырып беремізбе?

Сәуле қуыршақ: балалар жарайды мен сендердің қастарына отырамын.

Балалар, доптың суретін ақ қағаз бетіне жапсыруды үйренеміз.

Доптың суретін жапсыруды түсіндіру

Балалар қауіпсіздік ережесін сақтайық.

Балаларға қауіпсіздік ережесін айтып түсіндіремін.

Балалар сендер шаршаған боларсыңдар Сәуле қуыршақты ортаға алып сергіту сәтін жасап, бойымызды, сергітіп алайық.

Сергіту сәті жасалады. Слайд бойынша.

Тәрбиеші: Ал балалар Сәуле қуыршаққа жапсырылған доптарымызды берейік.

Балалар допты әртүрлі заттардан жасауға болады екен. Соның ішінде қағазды қолмен умаждау арқылы допты жасауға болады.

Балалар допты қағаздан жасаймызба?

Балалар: Ия жасаймыз.

Балаларға түсіндіріп көрсетемін.

Балалар жарайсыңдар қағаздан допты жақсы жасай білдіңдер

Сәуле қуыршақ : Балалар кім маған доп туралы тақпақ айтып береді екен?

Нұрислам: Доп , добым домалақ

Қайда кеттің домалап

Бір,екі деп екі ұрдым

Шатырға сен секірдің

Ерасыл: Доп домалақ доп ұстап,

Домлатып көрейік.

Диірмен болып ұн тартып

Дым қалдырмай елейік

Алихан :Домала доп домала

Балшыққа тек жолама

Жек көремін оныңды

Бүлдіресін қолымды

Тәрбиеші: Сәуле қуыршақ сен ойын ойнағанды жақсы көресіңбе?

Сәуле қуыршақ : Ойын ойнағанды жақсы көремін.

Тәрбиеші: Олай болса мен сендерге ойын ойнатмын.

Ойынның аты: «Неге ұқсайды?» дидактикалық ойын.

Шарты: Қыстырғыш арқылы допты түсіне сәйкес орналастыру.

Қыстырғыш арқылы доптарды сәйкестендіреді

Тәрбиеші: Балалар неге ұқсайды екен ?

Балалар: Күнге ұқсайды.

Тәрбиеші: Барлықтарың жақсы ойынадыңдар

Сәуле қуыршақ : Достар менің үйге қайтатын уақытым болды. сендерге көп- көп рахмет. Сендермен мен қызықты ойын ойнадым және маған әдемі доп жасап бердіңдер.Енді мен достарыммен бірге доппен ойын ойнайтын болдым. Сау болыңдар достар!

Балалар: Сау бол

Іс әрекетті бақылау кезеңі

Тәрбиеші: Балалар енді ашық оқу қызметімізді қорытындылау мақсатында

«Допты қағып ал» атты ойынын ойнаймыз.

Дидактикалық ойын: «Допты қағып ал»

Тәрбиеші: Балалар мен сендерге ойынның шартын түсіндіріп өтейін.. Мен сұрақтар қойып допты сендерге лақтырамын. Ал сендер сұраққа жауап беріп, допты кері маған лақтырасыңдар.

1.Доптың пішіні қандай?

Балалар: Шеңбер, дөңгелек

2.Біздің топқа кім келді ?

Балалар: Сәуле қуыршақ

3.Бүгін біз ашық оқу қызметінде нені жапсырып үйрендік?

Балалар: Доп

4.Доп неге ұқсас келген?

Балалар: Күн, алма, қарбыз,қауын.

5.Допты немен үреміз?

Балалар: Насоспен

6.Доп неден жасалады?

Балалар: Пластмассада, резенкеден, жұмсақ теріден.

7.Доп суға батама?

Балалар: Суға батпайды.

Тәрбиеші: Допты үш тілде айтайық.

Доп – мяч-ball

Тәрбиеші: Балалар сендер бүгінгі ашық оқу қызметіне өте жақсы қатыстыңдар, мен сендерге ризамын және осы жақсы деген смайлктармен сіздерді бағалаймын.. Енді қонақтарымызбен қоштасайық .

Қол ұстасып тұрайық.

Шеңберді біз құрайық.

Көріскенше күн жақсы.

Сау саламат болайық.

Сау болыңыздар!

Досвидания!Good bye!

Күтілетін нәтиже: Білу: Доптың ойнау үшін керек екенін білді

Игеру: Жапсыру дағдыларын игерді

Меңгеру: Сұраққа-жауап беру,көргенін әңгімелеу дағдысын меңгерді.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.